

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы

«6»



Есеналин Р.Б.
2025 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

«Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға
арналған спорттық даярлау орталығы»
РМҚК директоры

« »




Дукетаев Б.А.
2025 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан голбол федерациясы» ЗТК
президенті

« »



Сейтжан К.С.
2025 ж.



19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу туралы Ереже

2025 ж.

Астана қ., 2025 ж.

1. Спорттық жарыстың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарысқа қатысушылардың келу және қайту күндері

19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу мекенжайы - Шымкент қ.

- 24 қыркүйек - келу күні
- 25-28 қыркүйек - ойын күндері
- 29 қыркүйек - кету күні

2. Қатысушы ұйымдар

- 2.1. 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командаларының арасында голболдан Қазақстан Республикасының Чемпионатына Қазақстан Республикасы қалаларының, ҚР мүгедектер спорт клубтарының, зағиптарға арналған мектеп-интернаттарының командаларының голболдан жарыстарға қатысуға дәрігердің рұқсаты бар 12 жастан асқан көру қабілеті нашар ұлдар мен қыздардан тұратын командалардың спортшылары жіберіледі. Спортшыны медициналық қорытындылар бойынша жарыстарға жіберу үшін «Жіберілді» деген белгісі бар өтінім негіз болып табылады.
- 2.2. Жарысқа қатысуға өтінімдер жарыс басталғанға дейін 7 күн бұрын электрондық келесі мекенжайға жіберілуі тиіс: **info@goalball.kz**
- 2.3. Жарыстарға қатысуға I,II,III топтағы көру қабілеті бойынша мүгедек спортшылар міндетті түрде МӘСК анықтамасымен қатыса алады.

3. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету және қауіпсіздік техникасы

- 3.1. Медициналық-санитарлық шарттарды қамтамасыз ету үшін Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасы жауапты болады.
- 3.2. Аталған іс-шаралар барлық медициналық нормаларды сақтай отырып, барлық медициналық талаптар бойынша жүргізілетін болады.
- 3.3. Жарыс ҚР медициналық нормаларына сәйкес медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етіледі.
- 3.4. Жарысты ұйымдастырушылар жарысты өткізудің талаптары мен ережелеріне сәйкес барлық қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Дегенмен, жарысты ұйымдастырушылар денсаулыққа зиян келтірумен байланысты барлық тәуекелдерді жою мүмкін еместігі туралы ескертеді.
- 3.5. 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының Чемпионатын өткізетін ұйымдастыру комитеті барлық қатысушыларға алғашқы медициналық көмек пен жедел жәрдем көрсетуге кепілдік береді.
- 3.6. Жарысты өткізу кезінде шұғыл медициналық көмек, сондай-ақ өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі ұйымдастырылады.

4. Өтінімдерді беру тәртібі мен мерзімі

- 4.1. Кубокқа қатысуға өтінімдер жарыс басталғанға дейін 7 күн бұрын келесі электрондық мекенжайға жіберілуі тиіс: **info@goalball.kz**
- 4.2. 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының Чемпионатына қатысу үшін әрбір команда мандаттық комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:
Команданың атаулы өтінімі.
Ойыншылардың кеуде нөмірлері көрсетілген техникалық өтінім.
Жеке куәлік.
МӘСК анықтамасы.
Тұрғылықты жерінен анықтама.

4.3. **Мандаттық комиссия** төраға мен комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасын ҚГФ тағайындайды.

4.4. **Мандаттық комиссияның төрағасы** міндетті:

Команданың барлық ойыншыларына барлық қажетті құжаттарды тексеруге.

Техникалық өтінімнен жоқ және жіберілмеген ойыншылар командасын алып тастауға.

Техникалық өтінімде (өтінімге дейін) ойыншыларға рұқсат беру туралы белгі қоюға.

Командаларды жіберу туралы хаттама жасауға және ТК және жаттықтырушылар отырысында жіберу нәтижелері туралы баяндауға.

4.5. **Ойын кестесі.**

19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасындағы голболдан Қазақстан Республикасының Чемпионатында ойындардың кестесі қатысушы командалардың санына қарай төрешілер комиссиясының отырысында жасалады.

4.6. **Қатысушылардың айрықша міндеттері.**

Командалардың кез келгені үшін мәлімделген ойыншы аталған облыстың немесе қаланың аумағында кемінде 1 жыл тұруға міндетті. Әйтпесе, ойыншы мәлімделген команда үшін ойындарға жіберілмейді.

Басқа облысқа немесе қалаға қандай да бір себептермен өмір сүруге көшкен ойыншының алдыңғы облыстан немесе қаладан оған қарсы талаптардың жоқтығы туралы сырттай хаты болуы керек.

Командалар:

Жарыс барысында командалар орындықтарында атаулы өтінімде көрсетілген және ойынға жіберілген команда мүшелері ғана болуға құқылы. Әр командада кем дегенде екі форма жиынтығы болуы керек – Қағидалардың талаптарына сәйкес жасалған біреуі ашық түсті, екіншісі күнгірт түсті.

Жаттықтырушылар:

Жаттықтырушылар ойын басталар алдында командалардың таныстырылуына қатысуға міндетті. Олар ұқыпты киінуі керек.

Іссапарға жіберуші ұйымдар қатысушыларды, өкілдерді, төрешілер мен жаттықтырушыларды іссапарға жіберу (жол жүру, тәуліктік, тамақтану, тұру және жарналар), қатысушыларды сақтандыру және бастапқы жарналарды төлеу бойынша шығыстарды көтереді.

4.7. Жол жүруге, тұруға, тамақтануға және 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу қатысуға байланысты жарыстарға қатысушыларды, өкілдерді және төрешілерді іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

4.8. Жарысқа қатысушыларды марапаттауға байланысты шығыстарды (баннер, медальдар, грамоталар және кубок), төрешілердің еңбек ақысы "Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы" РМҚК көтереді.

4.9. Жарыстарды өткізуге және ұйымдастыруға байланысты шығыстарды, залды жалға алуды, 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу кезінде медициналық персоналды, төрешілерді, автокөлікті қамтамасыз етуді және жарыстарды өткізу кезінде құқықтық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуді «Қазақстан голбол федерациясы» ЗТБ көтереді.

5. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі

5.1. 1, 2,3 орын алған Команда тиісті дәрежедегі кубоктармен, дипломдармен, медальдармен марапатталады.

5.2. Жарыс жүлдегерлерін дайындаған командалардың жаттықтырушылары тиісті дәрежедегі медальдармен, дипломдармен марапатталады.

5.3. Екі номинация бойынша үздік болып таңдалған спортшылар (үздік қорғаушы, үздік шабуылшы) дипломмен және жүлдемен марапатталады.

6. Наразылық беру және оларды қарау тәртібі

6.1. Ойын нәтижесіне наразылық.

Наразылықты төрешілер комитеті осы үшін көзделген рәсім толық орындалған және «IBSA ресми голбол қағидаларымен» тиісті бөлімде баяндалған жағдайда ғана қабылдайды және қарайды.

6.2. Команда құрамына наразылық.

- Команда құрамына наразылық бүкіл чемпионат барысында жазбаша түрде қабылданады.

- Дәлелсіз жазбаша наразылықтар есепке тіркеледі, бірақ қаралмайды. Оларды тексерумен «Қазақстан голбол федерациясы» ЗТБ айналысады. Төрешілер комиссиясы жазбаша дәлелді (қоса берілген құжаттармен) наразылықтарды ғана қарайды.

- Егер команда құрамының бұзулары дәлелденсе, онда төрешілер комиссиясы Ережеге сәйкес шешім қабылдайды. Әйтпесе, жарыс нәтижелері бекітіледі және наразылық болған жағдайда, онда баяндалған фактілерді тексерумен «Қазақстан голбол федерациясы» ЗТБ айналысады.

Осы ереже 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың жастар командалары арасында голболдан Қазақстан Республикасының Чемпионатына қатысуға ресми шақыру болып табылады, іссапар құжаттарын ресімдеуге негіз болады.

Байланыстар:

ҚГФ Бас хатшысы - Шпехт А. В.+7 777 267 02 51

АТАУЛЫ ӨТІНІМ

ГОЛБОЛ спорт түрінен
(спорт атауы)

Қазақстан Республикасының қатысуға
(жарыс атауы)

_____ (өтетін орны, өткізілетін күні)

_____ (мекеме атауы, қала, облыс)

№ р/с	Аты-жөні-тегі (толықтай)	Туған күні			Спорттық атағын	Мүгедектік тобы	МӘСК анықтамасы	Спорттық класс	Тұрақты мекенжайы	Дәрігердің қолы және
		күні	айы	жылы						
1										
2										
3										
4										
5										
6										

Команда жаттықтырушысы _____ / _____ /
(қолы) (Аты-жөні-тегі)

Барлығы жіберілген адам саны: _____

Дәрігер _____ / _____ / М.О.
(қолы) (аты-жөні-тегі)

Мекеме басшысы _____ / _____ / М.О.
(қолы) (аты-жөні-тегі)

Жарысқа жіберілді _____ адам

Мандаттық комиссия басшысы _____